

«UD Capital» АҚ Директорлар Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен КЕЛІСІЛДІ
«18» қазан 2022 жыл № 18-10/01 отырыс хаттамасы	«__»_____2022 жыл

**«UD Capital» АҚ басқаруымен
«UDC Progress»
аралық инвестициялық пай қорының
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

- 2022 –

І. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ережелер «UDC Progress» аралық инвестициялық пай қорының (бұдан әрі «**Қор**» деп аталады) қызмет жасау мақсаттарын және қызметін тоқтату шарттары мен тәртібін, Қорды басқарушы компанияның инвестициялық басқаруының шарттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да шарттарды анықтайды.

2. Осы Ережелерге сәйкес басқарушы компания инвесторға ақшаны басқарушы компанияның инвестициялық басқаруына оның ақшасын басқа инвесторлардың ақшасымен біріктіру және оларды Қор активтерінің құрамына кіргізу үшін беруді ұсынады. Бұл ретте басқарушы компания ақшаны инвестордың мүддесінде басқаруды жүзеге асыруға, сондай-ақ инвесторлардың ақшасын инвестициялаудың нәтижесінде сатып алынған басқа да активтерді (Қор активтерін) басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

3. Қор туралы мәліметтер:

Орыс тіліндегі толық атауы	Интервальный паевой инвестиционный фонд «UDC Progress»
Қазақ тіліндегі толық атауы	«UDC Progress» аралық инвестициялық пай қоры
Қордың орыс тіліндегі қысқартылған атауы	«UDC Progress» ИПИФ
Қордың қазақ тіліндегі қысқартылған атауы	«UDC Progress» АИПҚ
Қордың әрекет мерзімі	Қор мерзімсіз әрекет етеді

4. Қордың пайлары туралы мәліметтер:

Пай	Меншікті иесінің Қордағы үлесін, Қор активтерін өткізуден алынған ақшаны алуға құқықты, сондай-ақ осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да құқықтарды растайтын құжаттамасын нысанда шығарылған атаулы эмиссиялық бағалы қағаз
Шығарылатын пайлардың саны	Пайлардың саны шектелмеген
Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңіндегі пайдың номинал құны	10 000 (он мың) АҚШ доллары
Пайларды сатып алудың минималды бастапқы құны	10 000 (он мың) АҚШ доллары
Қор активтерінің минималды мөлшері	200 000 (екі жүз мың) АҚШ доллары

5. Қордың басқарушы компаниясы туралы мәліметтер (бұдан әрі – «Басқарушы компания» деп аталады):

Толық атауы	«UD Capital» акционерлік қоғамы
Орналасқан жері (заңды мекенжайы)	Қазақстан Республикасы, А15В6Р8, Алматы қ., Бостандық ауданы, Нұр Алатау шағын ауданы, Темірбек Кожакеев көш., 36-үй
Пошталық мекенжайы	Қазақстан Республикасы, А15В6Р8, Алматы қ., Бостандық ауданы, Нұр Алатау шағын ауданы, Темірбек Кожакеев көш., 36-үй

Лицензия	2022 жылғы 07 сәуірдегі №3.2.248/20 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген
Қордың Басқарушы компаниясына аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның толық атауы	«ALMIR CONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Интернет-ресурс	https://www.udcapital.kz/
Телефон	+7 (727) 350 77 07
Факс	+7 (727) 350 77 07

6. Қордың кастодианы туралы мәліметтер (бұдан әрі «Кастодиан» деп аталады)

Толық атауы	«Еуразиялық банк» акционерлік қоғамы
Орналасқан жері (заңды мекенжайы)	Қазақстан Республикасы, А15В6Р8, Алматы қ., Қонаев көш., 56
Лицензиясы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2020 жылғы 3 ақпандағы бағалы қағаздар нарығында банктік және басқа да операциялар мен қызметті жүргізуге №1.2.68/242/40 лицензия
Кастодианға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның толық атауы	«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

7. Қордың инвесторлары кез келген заңды және жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттері бола алады.

8. Қорға қатысу мақсатымен инвестор мен Басқарушы компанияның арасында сенімгерлік басқару шарты жасалады. Сенімгерлік басқару шарты талаптары осы Ережелерде анықталған қосылу шарты болып табылады. Қорды Сенімгерлік басқару шартының талаптарын (яғни осы Ережелерді) инвестор аталған шартқа жалпы қосылу арқылы ғана қабылдай алады. Қор активтерін сенімгерлік басқару шартына қосылу Қор пайларын бастапқы немесе екінші бағалы қағаздар нарықтарында сатып алу арқылы жүзеге асырылады. Пайларды сатып алған соң инвесторлар Қор пайларын ұстаушылар деп аталады.

9. Қор активтеріне жалпы меншік құқығындағы ұстаушының үлесі паймен расталады. Әр пай Қорды құрайтын мүлікке жалпы меншік құқығындағы бірдей үлесті, бірдей құқықтар мен міндеттерді растайды.

10. Пай ұстаушыларға тиесілі пайдардың саны бөлшек санмен көрсетілуі мүмкін. Пайлардың саны үтірден кейінгі 6 (алты) таңбаға дейінгі дәлдікпен, ал пайдың есептік құны – үтірден кейінгі 2 (екі) таңбаға дейінгі дәлдікпен анықталады. Пайларға құқықтардың есебін жүргізу пай ұстаушылардың дербес шоттарында жүргізілуін Орталық депозитарий жүзеге асыратын пай ұстаушылар тізілімінің жүйесінде немесе тиісті лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының номиналды ұстау есебінің жүйесінде жүзеге асырылады.

11. Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңі

Қор пайларын бастапқы орналастыру қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – Уәкілетті орган) Қор пайлары шығарылымын мемлекеттік тіркеген күннен кейін 5 (бес) жұмыс күн өткеннен кейін басталады және Қор активтерінің минималды мөлшеріне Қор жеткен кезде, бірақ Қор пайларын орналастыруды бастаған күннен кейінгі 3 айдан аспайтын мерзімнің ішінде аяқталады.

Пайларды бастапқы орналастыру кезеңінің ішінде жетуге тиіс Қор активтерінің минималды мөлшері 200 000 (екі жүз мың) АҚШ долларын құрайды.

Пайларды бастапқы орналастыру мерзімі Басқарушы компанияның өтінішхатының негізінде Уәкілетті органның рұқсаты бойынша бір рет, бірақ 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Бастапқы орналастыру кезінде Қор пайлары осы Ережелерде анықталған барлық инвесторлар үшін ортақ номиналды құн бойынша орналастырылады. Қор пайларын орналастыру үстемесіз жүзеге асырылады. Қор пайларын инвесторлар Қор Кастодианындағы Қордың шотына аудару арқылы АҚШ долларындағы ақшамен ғана төлейді.

Қор пайларын бастапқы орналастыру аяқталған соң оның таза активтерінің құны осы Ережелерде белгіленген Қор активтерінің минималды мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Пайларды бастапқы орналастыру кезеңі аяқталған соң Қор пайлары бағалы қағаздардың екінші нарығында, соның ішінде сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес еркін айналады.

Егер Қор пайлары «Қазақстан Қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілсе және пайларды орналастыру «Қазақстан Қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде жүзеге асырылатын болса, онда пайларды орналастыру мәмілелері бойынша есеп айырысулар «Қазақстан Қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Пайларды орналастыру мақсатында пайдың есептік құны АҚШ долларымен және қажет болғанда оның баламасындағы қазақстандық теңгемен көрсетіледі. Пай құнын қазақстандық теңгемен есептеу мақсаттарында Қазақстан Қор биржасының нарықтық құны қолданылады.

12. Пайларды сатып алар алдында инвесторлар осы Ережелермен (оған қоса, олардың Қосымшаларымен) танысу керек. Пай ұстаушылар Қорды құрайтын активтердің нарықтық құнының өзгеруімен байланысты шығындар тәуекелін оларға тиесілі пайлар құнының шегінде көтереді. Басқарушы компания пай ұстаушыларға өсімнің болатынына немесе пай құнының сақталатынына кепілдік бермейді. Пайлардың құны жоғарылауы немесе төмендеуі мүмкін, қаржы құралдарының нарықтық бағалары жоғарылауы да, төмендеуі де мүмкін, және нарықтық бағалардың өзгеруі Басқарушы компанияның бақылауынан тыс болады. Сонымен қатар мемлекет Қор пайларына инвестициялардан табыстың түсетініне кепілдік бермейді.

II. ҚОР АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

13. Қор активтерін инвестициялау осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттармен жүзеге асырылады.

14. Инвестициялау нысандарының тізбесі, Қор активтеріне қатысты инвестициялық қызмет жүргізу шарттары мен шектеулері, Қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары осы Ережелердің ажырамас бөлігі болып табылатын Қордың инвестициялық декларациясында (*осы Ережелерге 1-қосымша*) белгіленген.

15. Қор активтерін инвестициялық декларацияға сәйкес инвестициялау пайларды бастапқы орналастыру кезеңі аяқталған соң басталады. Қор активтерін инвестициялық декларация талаптарына сәйкес келтіру мерзімі пайларды бастапқы орналастыру кезеңі аяқталғаннан кейінгі 90 (тоқсан) күнтізбелік күнді құрайды.

Қор пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін оның активтерін тек қана Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттерге инвестициялауға болады, олар Қор пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін келесі шарттарға сай болуға тиіс:

- 1) Қордың Басқарушы компаниясына қатысты үлестес болып табылмауға;
- 2) екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген Қор биржасы тізімінің санаттарына кіргізілуге тиіс.

16. Егер Басқарушы компанияға байланысты емес жағдайлардың нәтижесінде Қор активтерінің құрылымы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және (немесе) Қордың инвестициялық декларациясына сай болуын тоқтатса, Басқарушы компания осындай сәйкессіздікті тудырып отырған қызметті дереу тоқтатады және 1 (бір) жұмыс күннің ішінде Уәкілетті органға осы сәйкессіздік дерегі және оның себептері туралы оны жою бойынша іс-шаралар жоспарын қоса тіркей отырып хабарлайды. Басқарушы компания Қор активтерінің құрылымын Уәкілетті органмен келісілген іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімнің немесе оның осы іс-шаралар жоспарын қарау нәтижелері бойынша белгілеген мерзімінің ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және (немесе) инвестициялық декларацияға сай келтіреді.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында Қор активтерін Қордың инвестициялық декларациясының және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келтірудің басқа тәртібі белгіленсе, онда Басқарушы компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

III. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ ЖӘНЕ ҚОР КАСТОДИАНЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

17. Басқарушы компания Қорды инвестициялық басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкес іс-қимылдарды жасау арқылы Қор пайларын ұстаушылардың мүдделерінде жүзеге асырады. Басқарушы компанияның Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде көзделген құқықтары бар.

18. Басқарушы компания құқылы:

- 1) осы Ережелерге сәйкес Қор активтерінен сыйақы ұстап қалуға және Қор активтерін басқарумен байланысты шығындарды өтеуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде көзделген шарттармен және тәртіппен осы Ережелерге өзгертулер мен толықтыруларды енгізуге;
- 3) Қор активтерін басқару бойынша қызметпен байланысты Қор пайларын ұстаушылардың өкілі ретінде әрекет етуге, сондай-ақ пай ұстаушылардың мүдделерінде сотқа талап беруге;
- 4) осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын басқа басқарушы компанияға беруге;
- 5) Қор пайларын сатып алуға Басқарушы компанияға өтінім берген инвесторға (жеке немесе заңды тұлғаға) тізілімдер жүйесінде/номиналды ұстаушының есебі жүйесінде дербес шот ашу үшін орталық депозитарийге/номиналды ұстаушыға құжат беруге;
- 6) пайларды ұстаушы болып табылатын тіркелген тұлға туралы дербес шотта келтірілген мәліметтерге (жеке тұлғаның тегін, атын, бас болса – әкесінің атын және (немесе) заңды тұлғаның атауын өзгерту туралы мәліметтерді қоспағанда) өзгертулерді енгізу үшін орталық депозитарийге/номиналды ұстаушыға құжаттарды беруге;
- 7) осы Ережелерде көзделген тәртіппен Басқарушы компания Басқармасының шешімінің негізінде қордың пай ұстаушыларына дивиденд төлеуге. Қор пайларын ұстаушыларға дивидендтерді төлеу Басқарушы компанияның құқығы емес, міндеті болып табылады;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа құқықтарға ие болуға.

19. Басқарушы компания міндетті:

- 1) Қор активтерінің құнын бағалауды, олардың қозғалысының, құрамының және құнының есебін жүргізуді, сондай-ақ оларды әрі қарай орналастырған және/немесе Басқарушы компания пайларды төлеп алған жағдайда пайлардың құнын есептеуді жүзеге асыруға;
- 2) Қор активтерінің бухгалтерлік есебін бөлек жүргізуді және олар бойынша есептілікті Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес ұсынуды жүзеге асыруға;
- 3) ай сайын Кастодианмен Қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын салыстырып тексеруді жүзеге асыруға;
- 4) Қор пайларын ұстаушыларға Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ Қор пайының есептік құны туралы ай сайын осы Ережелерге сәйкес ақпарат беріп тұруға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде белгіленген талаптарға сай Қор туралы ақпаратты ашуға;
- 6) Қор пайларын бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейінгі 3 (үш) жұмыс күннің ішінде Кастодианмен бірге Қордың таза активтерінің құнын есептеуге және Уәкілетті органға пайларды бастапқы орналастыру нәтижелері туралы есепті ұсынуға;
- 7) осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді көтеруге.

20. Басқарушы компанияға тыйым салынады:

- 1) нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде белгіленген талаптар бұзылатын мәмілелерді жасасуға (тыйымдар мен шектеулердің толық тізбесі Қордың инвестициялық декларациясында көрсетілген);
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей тыйым салынған өзге іс-қимылдарды жасауға.

21. Қор Кастодианы міндетті:

- 1) Кастодиан мен Басқарушы компанияның арасында жасалған кастодиандық шарттың негізінде Қор активтерінің есебін және оларды сақтауды жүзеге асыруға;
- 2) Қор акциялары мен пайларын орналастыру және төлеп алу бойынша барлық операциялардың есебін жүргізуге;
- 3) Қор активтерін мақсатты орналастыруға (пайдалануға) бақылауды жүзеге асыруға;
- 4) Басқарушы компанияның Қор активтерімен жасасқан мәмілелерді олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі жағынан бақылау жүргізуге және анықталған сәйкессіздіктер туралы:
 - ✓ Уәкілетті органға;
 - ✓ Басқарушы компанияға;
 - ✓ егер мәміле оның сауда жүйесінде жасалған болса, қор бирдасына дереу хабарлауға;
- 5) Қор активтерінің құнының, қозғалысының және құрамының есебін, сондай-ақ одан әрі орналастыру немесе төлеп алу кезінде пайлар құнының құнын есептеуді жүзеге асыруға;
- 6) Басқарушы компаниямен Қор активтерінің құнын, қозғалысын және құрамын мерзім сайын, бірақ айына кемінде бір рет салыстырып тексеруге;
- 7) Қор активтерінің есебін жүргізуге және сақтауға кастодиандық шарттың әрекет мерзімі тоқтатылған жағдайда жаңа Кастодианға Қор активтерін және Қор бойынша құжаттарды табыстауға;

8) Басқарушы компанияның қызметінде анықтаған бұзушылықтары туралы Уәкілетті органға оларды анықтаған сәттен кейінгі күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауға;

9) Басқарушы компания инвестициялық қоржынды басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясынан айырылған жағдайда жаңа Басқарушы компанияны таңдап алуға немесе Қор қызметін тоқтатуды жүзеге асыруға.

22. Кастодиан құқылы:

1) кастодиандық қызмет көрсетуге арналған шартқа сәйкес Басқарушы компаниядан өз қызметтері үшін ай сайын төлем алуға;

2) кастодиандық қызмет көрсетуге арналған шартта көзделген шарттармен және тәртіппен Басқарушы компаниямен жасалған шартты бұзуға;

3) Қордың қаржы құралдарының есебін жүргізу бойынша шоттарды жүргізу үшін шығындарын Басқарушы компанияның өтеуіне шот-фактураларды ұсынуға;

4) банктік инвестициялық шоттардан сомаларды көрсетілген шоттарда осындай төлем тапсырмаларын орындау үшін жеткілікті сомалар болмаған жағдайда есептен шығаруға Басқарушы компанияның төлем тапсырмаларын орындамауға;

5) кастодиандық қызмет көрсетуге арналған шартқа сәйкес Қордың қызметін тоқтатумен байланысты Кастодианның шығындарын өтеуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды иеленуге.

IV. ПАЙ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

23. Қор пайларын ұстаушылар құқылы:

1) Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, осы мәліметтер анықталған соңғы күндегі жағдай бойынша бір пайдың есептік құны туралы мәліметтерді алуға;

2) Қордың Басқарушы компаниясынан осы Ережелерде белгіленген шарттармен және тәртіппен оған тиесілі пайды төлеп алуын талап етуге;

3) Қор туралы ақпаратты сұрату және алу арқылы Басқарушы компанияның қызметіне бақылауды жүзеге асыруға;

4) Қор пайларымен Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген кез келген мәмілелерді жасасуға;

5) Қор қызметінің мәселелері және өздеріне тиесілі пайлар бойынша Басқарушы компанияға, Кастодианға және орталық депозитарийге жүгінуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес басқа құқықтарды пайдалануға.

24. Қор пайларын ұстаушылар орталық депозитарийге (номиналды ұстаушыға) өзі туралы мәліметтердегі барлық өзгерістер туралы хабардар етіп тұру керек. Қор пайларын ұстаушылар өзі туралы мәліметтерді Басқарушы компанияға Басқарушы компаниядан тиісті сұрау алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннің ішінде хабарлап тұруға міндетті.

V. ҚОР АКТИВТЕРІ ҚҰНЫНЫҢ ЖӘНЕ ПАЙЛАРДЫҢ ЕСЕПТІК ҚҰНЫНЫҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

25. Қор активтерінің есебін жүргізу және сақтау, сондай-ақ Қор активтерін басқарумен байланысты операциялар бойынша есептеулерді жүргізу мақсатында Басқарушы компания Кастодианда Қордың қажетті шоттарын ашады.

26. Басқарушы компания және Қордың Кастодианы Қор активтері мен меншікті активтердің есебін бөлек жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Ережелерге сәйкес олар бойынша есептілікті ұсынуды жүзеге асырады. Басқарушы компания және Кастодиан Қордың таза активтерінің құнын, Қор пайының есептік құнын және Қордың қоржынында тұрған қаржы құралдары бойынша есептелген инвестициялық кірісті олардың арасындағы шарттың талаптарына және Басқарушы компания мен Кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

27. Қор активтерінің, Қордың таза активтерінің құнын, Қор пайының есептік құнын анықтау және олардың есебін жүргізу қазақстандық теңгемен жүзеге асырылады. Қор активтерінің, инвестициялық Қордың таза активтерінің құнын, Қор пайының есептік құнын анықтау және олардың есебін жүргізу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында және Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Қор активтері мен міндеттемелерінің есебі пайларды орналастыру және айналымға салу кезеңінің соңына дейін (бастапқы орналастыру кезеңін қоспағанда) және/немесе пайларды орналастырған және/немесе төлеп алған күннің алдындағы жұмыс күнінің соңындағы, сондай-ақ төмендегі мерзімдердегі пайларды төлеп алудың бүкіл кезеңінің ішінде анықталады:

- 1) Қор пайларын бастапқы орналастыру аяқталған күндегі;
- 2) әр айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша;
- 3) пайларды орналастыру және/немесе төлеп алу уақытша тоқтатылған жағдайда – оларды орналастыруды және/немесе төлеп алуды қайта бастау туралы шешім қабылданған күнгі;
- 4) Қор қызметін тоқтатқан жағдайда – оның қызметін тоқтату үшін негіз пайда болған күнгі;
- 5) Басқарушы компания қажет деп тапқан басқа жағдайларда.

29. Қордың Басқарушы компаниясы Қор активтерінің есебін, сондай-ақ Қор активтері есебінің шоттары бойынша аналитикалық есепті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады. Қаржы құралын Қор активтерінің құрамында тану, сондай-ақ қаржы құралын есептен шығару Кастодианның немесе орталық депозитарийдің есеп жүйесінде мәміле тіркелген күні жүзеге асырылады. Қор активтерін құрайтын қаржы құралдары Уәкілетті орган және Басқарушы компанияның ішкі құжаттары бекіткен әдістемеге сәйкес бағаланады.

30. Қордың таза активтерінің құны оның Қор активтерінің есебінен орындауға жататын оның активтері мен міндеттемелерінің құнының арасындағы айырма ретінде анықталады. Қор пайының есептік құны Қордың таза активтерінің құнын анықтаған күні осы құнды пай ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізетін Орталық депозитарийдің деректері бойынша дәл сол күнгі айналымда жүрген пайлар санына бөлу арқылы анықталады.

VI. ҚОР ПАЙЛАРЫН САТЫП АЛУҒА ӨТІНІМДЕРДІ БЕРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ШАРТТАРЫ, ТӘРТІБІ

31. Пайларды инвесторлардың сатып алуы төмендегідей жүзеге асырылады:

- 1) нарық түрі бойынша: бағалы бағаздардың бастапқы және екінші нарықтарында
- 2) пайларды айналымға салу саласы бойынша: ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында, ал пайларды «Қазақстан Қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізген жағдайда бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында да.

32. Инвесторлардың бастапқы ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында пайларды сатып алуы Басқарушы компаниядан оның орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады. Инвесторлардың пайларды бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстан Қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген шарттармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

33. Инвесторлардың пайларды бағалы қағаздарды екінші нарығында сатып алуы аталған бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасау арқылы жүзеге асырылады. Пайлармен аталған мәмілелерді жасау шарттары мен тәртібі және олардың бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде немесе бағалы қағаздарды номиналды ұстаудың есебін жүргізу жүйесінде тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

34. Инвесторлардың пайларды бағалы қағаздардың бастапқы ұйымдаспаған нарығында сатып алуы

34.1 Пайларды сатып алу мақсатымен инвестор-жеке тұлға немесе инвестор-заңды тұлға осы Ережелерге 2-қосымшадағы нысан бойынша өтінім толтырады.

34.2 Толтырылған өтінімді инвестор ұсынады:

Өтінімді алушы	Өтінім беру тәсілі (баламалы түрде)
Басқарушы компания	Кеңсеге (шабарман арқылы немесе пошта/курьер қызметінің көмегімен): Қазақстан Республикасы, А15В6Р8, Алматы қ., Бостандық ауданы, Нұр Алатау шағын ауданы, Темірбек Қожакеев көш., 36-үй fund@udcapital.kz мекенжайына электрондық пошта арқылы (сканерленген көшірмесі)

34.3 Басқарушы компанияның өтінімдерді қабылдауы Қазақстан Республикасындағы әрбір жұмыс күні жүзеге асырылады.

34.4 Басқарушы компанияның пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдаудан бас тартуына мына жағдайларда жол беріледі:

- 1) осы Ережелерде белгіленген өтінімдерді беру тәртібі мен шарттарын сақтамаған;
- 2) Уәкілетті органның немесе Басқарушы компанияның шешімі бойынша Қор пайларын орналастыруды уақытша тоқтатқан;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа талаптарды орындамаған.

34.5 Пайшы ҚР заңнамасына және Қор Ережелеріне сәйкес, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да өз атына ашылған және Қор пайларын есепке жазуға арналған шоттары болмаған жағдайда номиналды ұстаудағы дербес шоты немесе ұстаушының қосалқы шотын ашуға міндетті.

Өтінім берген күнге дейін факс/электрондық пошта бойынша пайларды сатып алуға өтінім берген инвесторда орталық депозитарийде/номиналды ұстаушыда ашылған дербес шоты болмаған жағдайда инвестор пайларды сатып алуға өтініммен бірге Басқарушы компанияға құжаттарды орталық депозитарийге/номиналды ұстаушыға дербес шот ашу үшін жібергенінің растамасы жолдайды. Бұл жағдайда аталған инвестордың пайларын сатып алуға өтінім орталық депозитарийде/номиналды ұстаушыда инвесторға дербес шот ашқан кезге дейін Басқарушы компанияның қарауысыз қалады. Олай болмаған жағдайда Басқарушы компания инвестордың

пайларды сатып алуға өтінімін орындаудан бас тартуға және инвесторға пайларды төлеу үшін аударылған ақшаны инвестордың пайларды сатып алуға өтінімінде көрсетілген банктік деректемелеріне, қызмет көрсететін банктердің ақшаны аударғаны үшін комиссияларын шегере отырып қайтаруға құқылы.

34.6 Өтінімді алған кезде Басқарушы компания орындау туралы немесе осы Ережелерде және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өтінімді орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Басқарушы компанияның шешімі инвесторға осындай өтінімді орындау үшін қабылдау туралы немесе мұндай өтінімді орындаудан бас тарту туралы белгісі бар өтінімнің көшірмесін оған қайтару арқылы хабарланады. Басқарушы компания өтінімді орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда инвестордың өтінімі күшін жойған болып саналады.

34.7 Пайларды сатып алуға өтінімдер қайтарымсыз болып саналады.

34.8 Қор пайларын төлеуге арналған ақшаны инвестор Қордың Кастодианында ашылған Қордың шотына аударады. Төлемді сәйкестендіру мақсатында инвестор пайларды төлеуге арналған ақшаны аударуға төлем тапсырмасының төлемнің мақсаты бағанында пайларды сатып алу туралы өтінімнің нөмірі мен күнін көрсетеді (пайларды сатып алуға өтінім берген соң пайларды төлеуге ақша аударған кезде). Пайларды ұстаушылар тізіліміндегі инвестордың дербес шотына пайларды есепке алу пайларды сатып алуға өтінім бар болған, ақша Қордың шотына келіп түскен, сондай-ақ орталық депозитарийде (номиналды ұстаушыда) инвестордың дербес шоты бар болған жағдайда жүзеге асырылады.

34.9 Қор пайларын төлеуге арналған ақша инвестордан Кастодиандағы Қордың шотына инвестор өтінім бергенге және орталық депозитарийде (номиналды ұстаушыда) инвестордың шотының бар екені расталғанға дейін келіп түскен жағдайда, инвестордың шотына пайлар инвестор жетпей тұрған құжаттарды ұсынған және Басқарушы компания өтінімді орындайтыны туралы шешім қабылдаған соң есепке алынады. Басқарушы компания осы Ережелерде көзделген негіздер бойынша инвестордың өтінімін орындаудан бас тартатыны туралы шешім қабылдаған жағдайда пайларды төлеу үшін алынған ақша инвесторға қайтарылуға тиіс. Инвесторға ақша өтінімде инвестордың көрсеткен банктік деректемелеріне қызмет көрсетуді банктердің ақшаны аударғаны үшін комиссияларын шегере отырып қайтарылады.

34.10 Пайларды инвестордың шотына есепке алу пайларды сатып алу туралы жазбаларды Қор пайларын ұстаушылардың тізіліміне енгізу арқылы жүзеге асырылады. Қор пайларын инвестордың дербес шотына есепке алудың шарты Басқарушы компания осы Ережелерге сәйкес орындайтыны туралы шешім қабылдаған өтінімнің болуы және Кастодианда ашылған Қордың шотына ақшаның түсуі болып табылады. Пайларды есепке алу осы шартты орындаған күннен кейінгі бірінші жұмыс күннен кешіктірмей жүзеге асырылады. Пайларды инвестордың дербес шотына есепке алу туралы мәмілені Орталық депозитарий (номиналды ұстаушы) Басқарушы компанияның бұйрығының негізінде тіркейді. Басқарушы компанияның пайлармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы бұйрығына оның өкілі қол қояды, мөр басылып куәландырылады, сондай-ақ Кастодиан өкілі қол қояды. Пайларды Қордың дербес шотына есепке алу орталық депозитарий (номиналды ұстаушы) инвестордың дербес шотына бірдей көлемде пайларды бір уақытта есепке ала отырып жүзеге асырылады.

34.11 Басқарушы компанияның пайларды бастапқы орналастыру кезеңінің ішінде беретін пайларының саны инвестордың Қор шотына салған ақша сомасын осы Ережелерде анықталған бір пайлық номиналды құнына бөлу арқылы анықталады. Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңінің ішінде пайлар номиналды құны бойынша орналастырылады. Пайды одан кейін орналастыру бағасы өтінім бар болған жағдайда ақшаның алдыңғы келіп түскен күнінің соңында болған баға бойынша анықталады. Өтінім ақша түскен соң келген жағдайда пайды орналастыру бағасы алдыңғы өтінім келген күннің соңындағы баға бойынша анықталады.

34.12 Пайларды орналастыру мына жағдайларда уақытша тоқтатылады:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын немесе шарттық міндеттемелерді Қордың қызметін қамтамасыз ететін тұлғалар немесе шығарған (ұсынған) қаржы құралдары Қор активтерінің құрамына кіретін тұлғалар бұзған немесе орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда Уәкілетті органның ұйғарымы бойынша;

2) Басқарушы компания орналастыруды уақытша тоқтату туралы уақытша тоқтататын күнге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде ақпарат берген жағдайда белгілі бір уақытқа тиісті шешімді қабылдау арқылы;

3) пайларды төлеп алу уақытша тоқтатылған жағдайда.

Пайларды орналастыруды тоқтата тұру қажет болған жағдайда Басқарушы компания дәл сол күні бұл туралы Уәкілетті органға мұндай тоқтата тұрудің себептерін және оларды жою бойынша шараларды көрсете отырып жазбаша хабарлауға міндетті. Басқарушы компания Уәкілетті органға орналастыруды бастаған күні орналастыруды қайта бастағаны туралы хабарлауға тиіс. Уәкілетті орган Қор пайларын орналастыруды тоқтата тұруға Басқарушы компанияға тыйым салуға, сондай-ақ осындай тоқтата тұруға себеп блған жағдайларды жойғанға дейін пайларды орналастыруды қайта бастауға тыйым салуға құқылы.

Басқарушы компания пайларды орналастыруды Уәкілетті органның іс-қимылды тоқтата тұру немесе Басқарушы компанияны немесе Кастодианды бағалы қағаздар нарығында кәсіпкерлік қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға лицензиясынан айыру туралы хабарламасын алған сәттен бастап лицензияның әрекеті қайта басталған, басқа Басқарушы компания, Қордың басқа Кастодианы тағайындалған немесе Қордың қызметі тоқтатылған күнге дейін тоқтатуға міндетті.

VII. ҚОР ПАЙЛАРЫН ТӨЛЕП АЛУҒА ӨТІНІМДЕРДІ БЕРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

35. Пайларды төлеп алу жылына екі рет – 15 сәуірде және 15 қазанда жүзеге асырылады. Пайларды төлеп алу күні Қазақстан Республикасындағы демалыс немесе мереке күндеріне түскен жағдайда төлеп алу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Пайларды бастапқы орналастыру мерзімінің ішінде пайларды төлеп алуға жол берілмейді.

36. Басқарушы компания пайларды ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында, ал пайлар «Қазақстан Қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілген жағдайда ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығында да төлеп алады.

37. Басқарушы компания пайларды ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында өзінің орналасқан жері бойынша төлеп алады.

38. Пайларды ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында төлеп алу.

38.1 Пайларды төлеп алуға қатысу мақсатында инвестор-жеке тұлға және инвестор – заңды тұлға осы Ережелерге 3-қосымшада келтірілген нысан бойынша өтінім толтырады.

38.2 Толтырылған өтінімді инвестор береді:

Өтінімді алушы	Өтінім беру тәсілі (баламалы түрде)
Басқарушы компания	Кеңсеге (шабарман арқылы немесе пошта/курьер қызметінің көмегімен): Қазақстан Республикасы, А15В6Р8, Алматы қ., Бостандық ауданы, Нұр Алатау шағын ауданы, fund@udcapital.kz мекенжайына электрондық пошта арқылы (сканерленген көшірмесі)

38.3 Пайларды төлеп алуға өтінімдерді пайларды төлеп алуға ниет білдірген ұстаушылар сатып алатын күнге дейінгі 20 (жиырма) жұмыс күнге дейінгі мерзімнің ішінде береді. Қор пайларын төлеп алуға өтінімдерді Басқарушы компания осы Ережелерде белгіленген төлеп алуға өтінімдерді қабылдау кезеңінің жұмыс күнінің Астана қ. уақыты бойынша сағат 18:00 дейін қабылдайды.

38.4 Пайларды төлеп алуға өтінімдерді қабылдаудан мына жағдайларда бас тартылуы мүмкін:

- 1) осы Ережелерде белгіленген өтінімдерді беру тәртібі мен шарттарын сақтамаған;
- 2) Қор пайларын төлеп алу туралы шешім қабылданған.

38.5 Басқарушы компания пайларды төлеп алуға өтінімді (өтінімдерді) орындаудан бас тартқаны туралы шешім қабылдаған жағдайда Басқарушы компания пай ұстаушыға қабылдаған шешімі туралы оған тиісті хабарлама жіберу арқылы хабарлайды.

39. Төлеп алуға пай ұстаушының Қордың біреуден артық пайына ие болатын жағдайларын қоспағанда, кемінде бір пай мәлімделу керек. Мұндай жағдайда сату туралы шешім қабылдаған пай ұстаушы Басқарушы компанияға төлеп алуға оған тиесілі Қор пайларының барлығын ұсынуға тиіс.

40. Пайларды төлеп алу Қор активтерінің құрамындағы ақшаның, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда қарыз қаражаттарының есебінен жүзеге асырылады.

41. Басқарушы компания пай ұстаушылардың пайларын төлеп алуға өтінімдерді қарайды және орындау туралы шешім қабылдайды немесе, егер өтінімде көрсетілген мәліметтер дұрыс болмаса, өтінімді қабылдаудан бас тартатыны туралы шешім шығарады. Егер ұстаушының Қор пайларын төлеп алуға өтінімінде Қор пайларын аталған пай ұстаушының меншігіндегі пайлар көлемінен артық көлемде төлеп алу туралы талап болса, Басқарушы компания осы өтінімді қанағаттандыру және аталған пай ұстаушыдан осы пай ұстаушының меншігіндегі нақты бар пайлар көлемін төлеп алу туралы шешім қабылдауға, немесе мұндай пайларды сатып алуға өтінімді орындаудан бас тартуға құқылы.

42. Пайларды төлеп алуға өтінімдер пайларды төлеп алатын күннің алдындағы күнгі пайдың есептік құнына негізделіп анықталған баға бойынша орындалады. Пайларды төлеп алуға өтінімдер қайтарымсыз болып табылады.

43. Ақшаны өтінім берушіге беру (ақшаны аудару туралы төлем құжатын беру) пайларды төлеп алатын күні жүзеге асырылады. Бұл ретте осы мерзімге аталған аударымға қызмет көрсететін банктердің аудару операцияларын жүзеге асыру уақыты кіргізілмейді. Пайларды төлеп алу сомасынан банк аудармасы үшін комиссия сомасы және Орталық депозитарийдің пайларды төлеп алу туралы мәмілені тіркеу үшін барлық комиссиялары ұсталады (пай ұстаушы пайларды төлеп алу туралы мәмілені Орталық депозитарийдің есеп жүйесінде тіркеу құнын өз тарапынан да, Басқарушы компанияның тарапынан да төлейді).

44. Басқарушы компания пайларды төлеп алуға өтінімді орындаған жағдайда Басқарушы компанияның ақшаны пай ұстаушыға беру бойынша міндеттемесі ұстаушының төлеп алуға өтінімінде көрсетілген банктік деректемелеріне аударған жағдайда орындалған болып саналады. Төлеп алуға өтінімде банктік деректемелерді дұрыс көрсетпеген жағдайда қайта аудару банктік деректемелерді нақтылайтын ұстаушының тиісінше тәртіппен жазбаша өтінішін алған соң банктердің қайта аудару үшін комиссия сомасын ұстай отырып жүзеге асырылады.

45. Пайшылар:

- ✓ 12 (он екі) күнтізбелік айға дейін иеленген пайларды төлеп алуға ұсынған жағдайда Басқарушы компания төлеп алуға ұсынылатын пайларды осы Ережелердің VII-тарауының 43-тармағында белгіленген баға бойынша, төлеп алуға ұсынылатын пайлардың жалпы құнының 1 (бір) пайызын шегере отырып, төлеп алады;
- ✓ 12 (он екі) күнтізбелік айдан астам уақыт бойы иеленген пайларды төлеп алуға ұсынған жағдайда – жеңілдік қолданылмайды.

46. Осы Ережелерге Қор пайларын ұстаушылардың иүдделерін кемсітетін өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Қор пайларын ұстаушылар өздеріне тиесілі пайларды аталған өзгертулер мен толықтырулар күшіне енген күнге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде төлеп алуды талап етуге құқылы.

47. Пайларды төлеп алу мына жағдайларда уақытша тоқтатылады:

- 1) Қордың қызмет жасауын қамтамасыз ететін тұлғалар немесе олар шығарған (ұсынған) қаржы құралдары Қор активтерінің құрамына кіретін тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын немесе шарттық міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған жағдайда немесе оларды бұзған жағдайда Уәкілетті органның ұйғарымы бойынша;
- 2) Басқарушы компанияның Атқарушы органы бұқаралық ақпарат құралдарында уақытша тоқтату күніне дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей орналастыруды уақытша тоқтата тұру туралы міндетті түрде ақпарат берген жағдайда белгілі бір уақытқа тиісті шешім қабылдау арқылы.

Пайларды төлеп алу осындай тоқтата тұруға себеп болған бұзушылықтарды жойғанға дейін белгілісіз уақытқа уақытша тоқтатылуы мүмкін. Пайларды төлеп алуды тоқтата тұру қажет болған жағдайда Басқарушы компания дәл сол күні бұл туралы Уәкілетті органға осындай тоқтата тұрудың себептерін және оларды жою бойынша шараларды көрсете отырып жазбаша хабарлауға мінжетті. Басқарушы компания Уәкілетті органға төлеп алу басталған күні төлеп алудың қайта басталатыны туралы хабар беруге міндетті. Уәкілетті орган Басқарушы органға пайларды төлеп алуды тоқтата тұруға, егер бұл Қор пайларын ұстаушылардың мүдделеріне сай келмесе, тыйым сала алады, сондай-ақ осындай тоқтата тұруға себеп болған жағдайларды жойғанға дейін пайларды төлеп алуды бастауға тыйым сала алады.

Басқарушы компания Басқарушы органнан іс-қимылды тоқтата тұру туралы немесе Басқарушы компанияның немесе Кастодианның бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға лицензиясынан айрылғаны туралы хабарлама алған сәттен бастап лицензияның әрекеті қайта басталғанға, басқа Басқарушы компания, Қордың басқа кастодианы тағайындалғанға немесе Қордың қызметін тоқтатқанға дейін пайларды төлеп алуды тоқтата тұруға міндетті.

VIII. ҚОР ПАЙЛАРЫН БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРУЫНДАҒЫ БАСҚА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРДЫҢ ПАЙЛАРЫНА АЛМАСТЫРУҒА ӨТІНІМДЕРДІ БЕРУДІҢ ЖӘНЕ ОРЫНДАУДЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

48. Пайларды Басқарушы компанияның басқаруындағы басқа ашық немесе аралық инвестициялық пай Қорларының пайларына алмастыру қарастырылмаған.

IX. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯҒА, КАСТОДИАНҒА ЖӘНЕ БАСҚА ТҮЛҒАЛАРҒА ТӨЛЕНЕТІН, ҚОР АКТИВТЕРІНІҢ ЕСЕБІНЕН ТӨЛЕНУГЕ ЖАТАТЫН ШЫҒЫНДАР МЕН СЫЙАҚЫЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ, ОЛАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРЛЕРІ

49. Қор активтерінің есебінен Басқарушы компанияға сыйақылар төленеді:

Тиянақталған сыйақы	Қордың таза активтері құнынан жылдық 0,5% (нөл бүтін оннан бес процент)	Тиянақталған сыйақы күн сайын қосылады, алдыңғы күнгі таза активтердің құнына негізделіп есептеледі, Қор активтерінен айына бір рет ұсталады (төленеді)
Жетістік үшін сыйақы	Кірістілік нормасынан асатын инвестициялық кірістің бір бөлігінің 20% (жиырма проценті)	Жетістік үшін сыйақы алдыңғы күнгі уақытқа күн сайын қоса есептеледі. Жетістік үшін сыйақы 200 базистік тармақты қосқанда, АҚШ екі жылдық қазынашылық облигациялардың мәндері деңгейінде кірістілік нормасынан асқан жағдайда Қор активтерінің айына бір рет ұсталады (төленеді). Екі жылдық қазынашылық облигациялар мәні ретінде GT2-GOV деп аталатын Bloomberg ақпараттық жүйесінің екі жылдық қазынашылық облигацияларының мәні алынады.

50. Қор активтерінің есебінен сыйақы сондай-ақ номиналды ұстау, Қор активтерімен жасалатын мәмілелерге қызмет көрсету және қаржы құралдарының есебі жүргізілетін шоттарды жүргізу бойынша функцияларды жүзеге асыратын Кастодианға, бағалы қағаздардың орталық депозитарийіне, брокерлік компанияларға, халықаралық ұйымдарға, аудиторға және Қордың қызмет жасауын қамтамасыз ететін басқа тұлғаларға олармен жасалған шарттарда анықталған мерзімде, мөлшерде және тәртіппен төленеді.

51. Қор активтерінің есебінен Қор пайлары бойынша маркет-мейкер қызметтері үшін комиссия төленеді. Маркет-мейкинг қызметтері пайларды ұстаушыларға ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығында Қор пайларымен мәмілелерді жасасуға қолжетімділікті жеңілдету мақсатымен ұсынылады. Маркет-мейкердің сыйақысы Ережелердің 57-тармағына сәйкес барлық шығындар мен сыйақылардың максималды мөлшері сомасының шегінде төленеді.

52. Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңінің ішінде Басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді. Басқарушы компанияға Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңінің ішінде есептелген сыйақы Қор активтерінің есебінен оның пайларын бастапқы орналастыру аяқталған кезде төленуге тиіс.

53. Қордың қызмет жасауымен байланысты Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңінің ішінде сыйақылар мен шығындарды төлеу Басқарушы компанияның меншікті қаражаттарының есебінен оның шығындарын кейіннен Қор активтерінің есебінен өтей отырып жүзеге асырылады.

54. Осы Ережелерде көзделген сыйақылар мен шығындар осындай сомаларды (сыйақылар мен шығындарды) Қор активтерінен ұстап қалу арқылы Қор активтерінің есебінен төлеуге жатады.

55. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қор активтерінің есебінен толық көлемде Қорды басқарумен, соның ішінде төмендегілермен байланысты шығындар ұсталады:

- 1) Қорды құрайтын активтермен мәмілелерді жасаумен;
- 2) Қорды құрайтын активтерді баптап-ұстаумен;

- 3) заңгер қызметтерін төлеумен, сондай-ақ Қордың атынан сотта істі қараумен байланысты келтірілген шығындар;
- 4) Қор активтеріне салынуы мүмкін немесе Қорды құрайтын активтердің есебінен төленуі мүмкін салықтар, болмаса қолданыстағы салық заңнамасы өзгерген жағдайда болашақта туындауы мүмкін басқа кез келген салықтар;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Ережелерге сәйкес Қор туралы ақпаратты ашумен байланысты шығындар (Басқарушы компанияның меншікті интернет-ресурсын баптап-ұстау бойынша шығындарды қоспағанда);
- 6) Қордың функционалдылығын қамтамасыз ететін тұлғаларға сыйақы төлеумен байланысты шығындар;
- 7) Қор пайларын «Қазақстан Қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізумен және сол тізімде болуымен байланысты шығындар (соның ішінде бір реттік және жыл сайынғы листингтік алымдар);
- 8) Басқарушы компания өкілдерінің пайларды орналастыру бойынша қызметтерін төлеумен байланысты шығындар (осындай шығындар бар болған жағдайда);
- 9) Қордың қызмет жасауымен байланысты басқа шығындар мен салықтар.

56. Қордың атынан сотта істі қараумен байланысты заңдық қызметтерді және келтірілген шығындарды төлеумен байланысты Қор активтерінің есебінен өтелетін барлық шығындардың ең жоғарғы мөлшері Қор активтерінің орташа жылдық құнының 1% (бір процентін) құрайды.

57. Барлық басқа шығындар мен сыйақылардың (осы Ережелердің 56-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда) максималды мөлшері, Қор активтеріне салынуы мүмкін немесе Қор активтерінің есебінен төленуі мүмкін салықтардың, басқа міндетті төлемдердің/алымдардың немесе қолданыстағы салық заңнамасы өзгерген жағдайда болашақта пайда болуы мүмкін басқа кез келген қолданылатын салықтардың, өзге міндетті төлемдердің/алымдардың толық көлемде өтелетін мөлшерін қоспағанда, Қор активтерінің орташа жылдық құнының 5% (бес процентін) құрайды.

58. Қордың қызмет жасауын тоқтатумен байланысты шығындар, оған қоса Басқарушы компания мен Кастодианға сыйақы Қор активтерінің есебінен Қордың барлық активтерін өткізудің нәтижесінде алынған ақша сомасының 5% (бес процентінен) аспайтын мөлшерде өтеледі.

X. БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯНЫ НЕМЕСЕ КАСТОДИАНДЫ АУЫСТЫРУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

59. Басқарушы компанияны ауыстыруға Басқарушы компанияның бастамасы бойынша, немесе оның қызметі уақытша тоқтатылған немесе инвестициялық қоржынды басқаруға лицензиясынан айырған жағдайда жол беріледі.

60. Кастодиан ол Қордың қызметін қамтамасыз ету бойынша, Басқарушы компанияның бастамасы бойынша Кастодианның осы Ережелердің және онымен жасалған шарттың талаптарын бұзу негіздері (оған қоса, бірақ онымен шектелмей), сондай-ақ онымен жасалған шартта көзделген өзге негіздер бойынша әрі қарай қызметін жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда ауыстырылады.

61. Басқарушы компания немесе Кастодиан Қордың қызметін қамтамасыз ету бойынша әрі қарай қызметін жүзеге асыру мүмкіндігінен айрылған немесе бас тартқан жағдайда және, егер аталған тұлғалар осындай шешімді қабылдаған сәттен бастап 3 (үш) айдың ішінде осы Ережелерге жаңа Басқарушы компанияны немесе жаңадан Кастодианды тағайындауға

қатысты өзгертулер күшіне енбеген болса, Қордың қызметі осы Ережелерде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген рәсімге сәйкес тоқтатылуға тиіс.

62. Басқарушы компания немесе Қор Кастодианы ауыстырылған жағдайда осы Ережелерге басқа Басқарушы компанияны немесе жаңа Кастодианды (қай тұлғаның ауысқанына қарай) тағайындауға қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі.

63. Осы Ережелерге жаңа Басқарушы компанияны немесе жаңа Кастодианды (қай тұлғаның ауысқанына қарай) тағайындауға қатысты өзгертулер мен толықтырулар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

64. Басқарушы компания немесе Кастодиан (қай тұлғаның ауысқанына қарай) қайта таңдап алынған Басқарушы компаниямен немесе Кастодианмен (сәйкесінше) келіскен мерзімнің ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа мерзім белгіленбесе, Қор активтерін, құжаттарды және Қор активтерінің құрамы туралы деректердің электрондық массивтерін және Қордың басқа да құжаттамасын (қай тұлғаның ауысқанына қарай) табыстап отырған тараптардың уәкілетті тұлғалары тиісінше тәртіппен қол қойған қабылдау-тапсыру актісі бойынша, және тек қана екінші Басқарушы компанияға немесе Кастодианға – осы Ережелерге жаңа Басқарушы компанияны немесе жаңа Кастодианды (қай тұлғаның ауысатынына қарай) тағайындауға қатысты күшіне енген өзгертулер мен толықтырулардың нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылған соң табыстауға міндетті.

ХІ. ПАЙ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕМЕЛЕРДІ ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

65. Басқарушы компанияның қызметі, соның ішінде Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ пайдың есептік құны туралы есептемені Басқарушы компания айына бір рет, есепті айдан кейінгі айдың 15-ші күнінен кешіктірмей дайындайды және ол Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында пай ұстаушылардың жалпы танысуына ұсынылады (www.XXX.kz)

66. Басқарушы компанияның қызметі туралы есепте Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, сондай-ақ Басқарушы компанияның нысаны бойынша есепті күнгі пайдың есептік құны туралы мәліметтер қамтылған.

67. Басқарушы компания сондай-ақ пай ұстаушылардың жазбаша сұраулары бойынша есептемелерлі ұсынады. Сұрау бойынша есептеме ұсынуды талап ететін тұлға Басқарушы компанияға немесе оның өкілдеріне өз деректемелерін көрсете отырып, жазбаша сұрау жіберуге міндетті.

68. Басқарушы компания және/немесе оның өкілдері 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде сұратылып отырған ақпаратты, егер сұратылған ақпаратты қолданыстағы заңнамаға және осы Ережелерге сәйкес ашуға рұқсат бар болса, ұсынуға міндетті.

ХІІ. ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

69. Пайларды сатып алуға және төлеп алуға өтінімдерді қабылдайтын жерде (жерлерде) Басқарушы компания және пайларды орналастыратын өкілдер/агенттер (егер бар болса) әлеуетті инвесторларға және Қор пайларын ұстаушыларға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) Қордың ережелерін, сондай-ақ Уәкілетті орган келіскен оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың толық мәтінін;

2) Қор активтерінің, Қордың таза активтерінің құрамы мен құны, осы мәліметтер анықталған соңғы күнгі жағдай бойынша бір пайдың есептік құны туралы мәліметтерді;

3) Басқарушы компанияның және Кастодианның аудиторлық есептемелерінен алынған, олардың Қордың өткен қаржылық жыл ішіндегі қызметін қамтамасыз ету бойынша жұмысты тексеру нәтижелерімен бірге үзінді көшірмелерді;

4) Басқарушы компанияның, Кастодианның және Қордың қызметін қамтамасыз ететін өзге тұлғалардың болуы мүмкін және нақты сыйақылар мен шығындар мөлшерлері және өткен кез келген кезең ішіндегі Қор активтерінің есебінен өтелуге жататын басқа да шығындар туралы мәліметтерді;

5) Басқарушы компанияның пайларды орналастыратын (бар болған жағдайда) өкілдері/агенттері туралы, олардың атауы, орналасқан жері, телефондары, олардың пайларды сатып алуға өтінімдерді қабылдайтын орындары, өтінімдерді қабылдайтын орындардың жерлері, уақыты және телефондары көрсетілген мәліметтерін;

6) Басқарушы компанияда және Кастодианда олардың Қор активтерін басқару, есебін жүргізу және сақтау бойынша қызметімен байланысты қолданылған санкциялар туралы мәліметтерді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкес Басқарушы компания тарататын басқа ақпаратты.

70. Қор пайларын орналастыру және төлеп алу бағалары, бір пайдың есептік құнын анықтау әдісі, осы мәліметтер анықталған соңғы күндегі жағдай бойынша Қордың таза активтерінің құны (соның ішінде төлеп алған жағдайда бір пайға шаққанда), пайларды сатып алуға/төлеп алуға өтінімдерді қабылдауды бастау және аяқтау мерзімдері, уақыты, Қор пайларын орналастыруды/төлеп алуды тоқтата тұру немесе қайта бастау жағдайлары туралы ақпаратты әлеуетті инвесторларға немесе пай ұстаушыларға Басқарушы компанияның телефондары немесе оның орналасқан жері бойынша Басқарушы компания ұсынуға тиіс.

71. Пайларды орналастыру және (немесе) төлеп алу үдерісін тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған жағдайда Қордың Басқарушы компаниясы бұл туралы хабарламаны себептерін көрсете отырыпосындай шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннің ішінде Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында (www.udcapital.kz) таратуға міндетті.

72. Осы Ережелерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Басқарушы компания Қор ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар мәтінін аша отырып, олардың Уәкілетті органмен келісілгенін көрсете отырып, Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында (www.udcapital.kz) хабарлауға міндетті.

73. Осы Ережелерге және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көпшілікке таратылуы мүмкін ақпарат Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында (www.udcapital.kz) таратылады.

ХІІІ. ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

74. Қор «Инвестициялық және венчурлық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда Қор қызметін тоқтатуға тиіс.

75. Қордың қызметін тоқтатуды жүзеге асыратын тұлғалар:

1) Қордың қызметін Қордың Басқарушы компаниясы тоқтатады;

2) Қордың Басқарушы компаниясының лицензиясының әрекеті уақытша тоқтатылған немесе одан айырған жағдайда Қордың қызметін тоқтатуды Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Қордың Кастодианы жүзеге асырады;

3) Кастодианның лицензиясының әрекетін уақытша тоқтатқан немесе одан айырған жағдайда Қордың қызметін тоқтатуды Қордың Басқарушы компаниясы оның лицензиясының жарамдылық мерзіміне қарамастан жүзеге асырады.

76. Қордың қызметін тоқтату үшін негіз пайда болған сәттен бастап, кредиторлармен есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін өткізуді, Қорлардың қызметті тоқтатумен байланысты шығындарын төлеуін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Ережелерге сәйкес пай ұстаушылардың қалған активтерді қайтаруын қоспағанда, Қордың активтерін жұмсауға жол берілмейді.

77. Басқарушы компания немесе Қордың Кастодианы Қордың қызметін тоқтату үшін негіз басталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күннің ішінде келесі іс-қимылдарды жүзеге асырады:

1) пай ұстаушыларға, Уәкілетті органға, Қордың қызметін қамтамасыз ететін ұйымдарға, Қор кредиторларына және Қор активтерімен орындалмаған мәмілелердегі тараптарға Қор қызметінің тоқтатылғаны, осы рәсімді өткізу шарттары мен тәртібі туралы хабарламаны Қор қызметін тоқтату туралы ақпаратты осы Ережелердің 72-тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы жеткізеді;

2) Орталық депозитарийге пайларды ұстаушылар тізілімінде мәмілелерді тіркеуді тоқтату күнін көрсете отырып, Қор пайларын ұстаушылар тізіліміндегі дербес шоттар бойынша операцияларды тоқтату туралы талап жібереді.

78. Қордың қызметі оның пайларын бастапқы орналастыру мерзімі аяқталғанға дейін немесе пайларды бастапқы орналастыру аяқталған кезде оның таза активтерінің құнының Қор активтерінің минималды мөлшеріне сәйкессіздігі және/немесе Қор пайларын ұстаушылар санының минималды санына сәйкессіздігі себебінен тоқтатылған жағдайда, Басқарушы компания немесе Кастодиан пай ұстаушыларға ақшаны Қордың қызметін тоқтату үшін негіз басталған сәттен кейінгі 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей пайларды сатып алуға өтінімдерде көрсетілген пай ұстаушылардың банктік деректемелері бойынша қайтаруға міндетті.

79. Қор пайларын ұстаушылар келіспеген жағдайда Басқарушы компания және (немесе) Кастодиан осы Ережелердің 82-тармағында көрсетілген шығындарды төлегеннен кейін қалған ақшаны үлестіреді және өткізілген активтерді пай ұстаушылардың меншігіне осындай активтерге меншік құқығын үлестіру арқылы меншікте бар пайларға пропорционалды мөлшерде береді.

80. Басқарушы компания немесе Кастодиан талаптары Қор активтерінің есебінен қанағаттандырылуға тиіс кредиторларды анықтау және Қордың төленген, бірақ ол жұмыс істеп тұрғанда қойылмаған (Қордың меншігі ретінде тіркелмеген) активтерін алу бойынша шара қабылдайды.

81. Қор активтерінің есебінен қанағаттандырылуға тиіс кредиторлардың талаптарын ұсыну мерзімі аяқталған соң және аталған кредиторлармен есеп айырысулар басталғанға дейін Басқарушы компания және (немесе) Қор Кастодианы Қор активтерінің құрамы мен құны, кредиторлар мәлімдеген талаптар, Қордың төленген, бірақ қойылмаған активтері туралы мәліметтерді, сондай-ақ аталған мәліметтерді қарау нәтижелері және алдағы уақытта жасалатын іс-қимылдар туралы есептемелерді құрайды және Уәкілетті органға жібереді.

82. Қор активтерін іске асырудан алынған ақша осы Ережелердің 80 және 81 тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, келесі тәртіппен үлестіріледі:

1) бірінші кезекте, Қордың қызметін қамтамасыз ететін үшінші тұлғалардың және алдындағы Қор міндеттемелері қызметін тоқтатуға негіз пайда болғанға дейін туындаған басқа кредиторлардың, сонымен қатар пайларды сатып алуға немесе төлеп алуға өтінімдері

жартылай орындалған (пайларды төлеген, бірақ Қор пайларын ұстаушылардың тізіліміне енгізілмеген тұлғалардың, және пайларды төлеп алуға өтінімдері Қордың қызметін тоқтатуға негіз туындағанға дейін қабылданған) тұлғалардың шығындары төленеді;

2) екінші кезекте Қордың активтерін өткізуді және пайларын төлеп алуды, Басқарушы компанияны және Қор Кастодианын қоспағанда, оның қызметін тоқтату кезеңінің ішінде қамтамасыз еткен тұлғалардың шығындары төленеді;

3) үшінші кезекте, Қор қызметін тоқтату Кастодианның қызметіне байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда Қор Кастодианының Қордың қызметін, оның кастодиандық қызметке лицензиясының әрекетін тоқтатумен байланысты шығындары төленеді;

4) төртінші кезекте, Қор қызметін тоқтату Басқарушы компанияның қызметіне байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда Қордың қызметін, оның инвестициялық қоржынды басқаруға лицензиясының қызметін тоқтатумен байланысты Қордың Басқарушы компаниясының шығындары төленеді;

5) бесінші кезекте, Қордың қызметін тоқтату Орталық депозитарийдің қызметіне байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда Қордың Орталық депозитарийінің Қордың қызметін тоқтатумен байланысты шығындары төленеді;

6) алтыншы кезекте, ақша және/немесе активтер пай ұстаушылардың арасында үлестіріледі.

83. Қордың қызметін тоқтатумен байланысты шығындар, оған қоса Басқарушы компания мен Кастодианға сыйақы Қор активтерінің есебінен Қордың барлық активтерін өткізудің нәтижесінде алынған ақша сомаларының 5% (бес процентінен) аспайтын мөлшерде өтеледі.

84. Қордың қызметі пайларды бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін Қордың таза активтері құнының Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген минималды мөлшерден төмен және/немесе Қор пайларын ұстаушылар санының минималды көлемінен аз болуына байланысты тоқтатылған жағдайда, Басқарушы компанияның Қор қызметін тоқтату рәсімімен байланысты шығындары Қор активтерінің есебінен өтелмейді.

85. Қордың қызметі Басқарушы компанияның инвестициялық қоржынды басқаруға лицензиясының күші уақытша тоқтатылуына (айрылуына) немесе оның Қорды басқаруды әрі қарай жүзеге асырудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ Қор Кастодианының кастодиандық қызметке лицензиясының әрекетінің уақытша тоқтатылуына (айрылуына) немесе оның Қор активтерінің есебін жүргізуді және сақтауды әрі қарай жүзеге асырудан бас тартуына байланысты тоқтатылған жағдайда Басқарушы компанияның немесе Кастодианның Қор қызметін тоқтату рәсімімен байланысты шығындары Қор активтерінің есебінен өтелмейді.

86. Есеп айырысуларды аяқтағаннан кейінгі 14 (он төрт) күнтізбелік күннің ішінде Басқарушы компания немесе Қор Кастодианы Уәкілетті органға төмендегілерді қоса тіркей отырып, Қор қызметін тоқтату туралы ақпаратты ұсынады:

1) Қор Кастодианының осы Қордың барлық активтерін үлестіру туралы хабарламасын;

2) Орталық депозитарийдің Қор пайларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жабу туралы хабарламасын.

87. Қор қызметін тоқтату туралы құжаттарды алған соң Уәкілетті орган Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне пайларды өтеу туралы мәліметтерді енгізеді.

XIV. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПАЙ ҚОРЫНЫҢ ПАЙЛАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯ САЛУ КЕЗІНДЕГІ ИНВЕСТОРЛАР ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

88. Қор пайларын сатып алу туралы шешім қабылдаған кезде инвестор Қор пайларына инвестиция салудың күтілетін кірісті ала алмау және тіпті инвестицияланатын қаражаттардың барлығынан немесе бір бөлігінен айрылу тәуекелінің бар екенін түсіну керек. Қор пайларына инвестициялау айтарлықтай жоғары тәуекелдер дәрежесімен байланысты және Басқарушы компанияның атынан инвестицияланатын негізгі соманы қайтару бойынша кепілдік беретінін және кіріс алатынына кепілдік беретінін білдірмейді.

89. Пайларды ұстаушылар Қорды құрайтын бағалы қағаздар мен активтердің нарықтық құнын өзгертуді білдіретін Қорға салымдар шығындарының тәуекелін көтереді. Пайлардың құны инвестициялау нысандарының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты азаюы немесе жоғарылауы мүмкін.

90. Осы Ережелерде анықталған қаржы құралдарына инвестициялармен байланысты негізгі тәуекелдерге сонымен бірге, бірақ онымен шектелмей мына тәуекелдер түрлері жатады:

Нарықтық тәуекел – қаржы құралдары құнының, проценттік мөлшерлемелердің, валюталар бағамдарының және т.б. өзгеруінің салдарынан нарықтық параметрлердің жағымсыз өзгеруінің нәтижесінде қаржылық шығындардың (залалдың) пайда болу тәуекелі.

Несие тәуекелі – эмитенттің негізгі борышты және инвесторға тиесілі сыйақыны бағалы қағазды шығару шарттарында белгіленген мерзімнің ішінде төлемеуінің немесе уақтылы төлемеуінің салдарынан шығындардың (залалдың) пайда болу тәуекелі, оған қоса серіктестік своптар, опциондар, форвардтар және несие тәуекеліне шалдыққыш басқа да қаржылық құралдар бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты, және аталған бағалы қағаздар мен қаржы құралдары бойынша есеп айырысуларды реттеу кезеңінің ішінде, немесе контрсеріктестің шартта көзделген немесе мәмілені жасасу барысында туындаған өз міндеттемелерін орындамауының немесе уақтылы орындамауының салдарынан пайда болатын шығындар тәуекелдері.

Өтімділік (азаю) тәуекелі – активтерді қысқа мерзімнің ішінде өткізумен қиындықтардың пайда болу ықтималдығымен байланысты тәуекел.

Проценттік тәуекел – сыйақы мөлшерлемелерінің жағымсыз өзгеруінің салдарынан шығындардың (залалдың) пайда болу тәуекелі.

Шоғырлану тәуекелі – инвестициялық қоржынның аз әртараптандырылуымен байланысты тәуекел.

Валюталық тәуекел – шетел валюталары бағамдарының жағымсыз өзгеруінің нәтижесінде шығындардың пайда болу тәуекелі. Шығындардың (залалдың) болу қауіптілігі құн мәніндегі валюталар бойынша позицияларды қайта бағалаудан пайда болады.

Құқықтық тәуекел – жаңа заңнамалық, соның ішінде салықтық актілердің пайда болуына және ағымдағы осындай актілердің өзгеруіне байланысты инвестициялық шығындарға алып келуі мүмкін қолданыстағы заңнаманың өзгеруіне, Қор нарығындағы қатынастарды реттейтін заңдардың немесе басқа да нормативтік құқықтық актілердің жетілдірілмегеніне немесе болмауына байланысты тәуекел.

Саяси және экономикалық тәуекелдер – саяси жағдайдың өзгеруіне, экспроприациялауға, ұлттандыруға, экономикалық шектеулердің енгізілуіне, сыртқы экономикалық жағдайдың өзгеруіне, экономикалық сипаттағы жағымсыз оқиғалардың пайда болуына және инвестициялық салымдардың азаю/жойылу мүмкіндігіне алып келуі мүмкін осы сияқты өзгерістердің болуына байланысты тәуекелдер.

XV. ҚОР ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕНГІЗУ

91. Осы Ережелерге өзгертулер мен толықтырулар Басқарушы компанияның басқару органының шешімі бойынша енгізіледі.

92. Осы Ережелерге өзгертулер және (немесе) толықтырулар, төмендегі өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды қоспағанда, Уәкілетті органмен келісілуге тиіс:

- 1) Басқарушы компанияның атауы және (немесе) орналасқан жері;
- 2) Кастодианның атауы және (немесе) орналасқан жері;
- 3) Басқарушы компанияның және (немесе) Кастодианның аудиторлық ұйымдары, сондай-ақ олардың атауының және (немесе) орналасқан жерінің өзгеруі;
- 4) Қор пайларын орналастыру және төлеп алу бойынша делдалдар тізбесі.

Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңінің ішінде осы Ережелерге тек қана осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

93. Осы Ережелерге өзгертулер және (немесе) толықтырулар, осы Ережелердің 92-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бұқаралық ақпараттық құралдарда жарияланғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен немесе барлық пай ұстаушылар осы Ережелерде (73-тармақ) белгіленген тәртіппен осы өзгертулердің және (немесе) толықтырулардың олардың Уәкілетті органмен келісілгені көрсетілген мәтінін алған соң күшіне енеді.

94. Осы Ережелердің 92-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында аталған өзгертулер және (немесе) толықтырулар олар қабылданған күннен бастап күшіне енеді және Уәкілетті органмен келісілуге жатпайды. Егер осы Ережелерге өзгертулер және (немесе) толықтырулар ұсынылған күнге дейін осы Қордың бір де бір пайы орналастырылмаған болса, өзгертулер және (немесе) толықтырулар Уәкілетті орган осы өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды келіскен күннен бастап немесе осы Ережелердің 92-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

XVI. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

95. Басқарушы компания пайларды орналастыру және төлеп алу бойынша өз өкілдерінің/агенттерінің тізбесін және оларға қойылатын талаптарды өз бетінше анықтауға құқылы. Басқарушы компанияның өкілдерінің/агенттерінің (бар болған жағдайда) тізбесі туралы ақпарат инвесторларға Басқарушы компания орналасқан жерде ұсынылады немесе Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында (www.udcapital) орналастырылады. Басқарушы компанияның Қор пайларын орналастыру және төлеп алу жөніндегі өкілдері/агенттері тізбесін өзгертуді Басқарушы компания өз бетінше жүзеге асырады және осы Ережелерге өзгертулерді/толықтыруларды енгізу қажеттігіне алып келмейді.

96. Осы Ережелерге сәйкес олар бойынша шешімдерді Басқарушы компания анықтайтын және/немесе белгілейтін барлық мәселелерді Басқарушы компанияның бірінші басшысы немесе оның орнын басатын тұлғалар, егер аталған мәселелер бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына, Басқарушы компанияның жарғысына және/немесе осы Ережелерге сәйкес Басқарушы компанияның өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаған болса, өз бетінше қарайды және қабылдайды. Бұл ретте көрсетілген мәселелер бойынша қабылданған шешімдер осы Ережелерге өзгертулердің және/немесе толықтырулардың енгізілуіне алып келмейді.

97. Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Ережелерге сәйкес Басқарушы компания пай ұстаушыларға жіберуге тиіс ақпаратты (соның ішінде хабарламалар және/немесе мәлімдемелер және/немесе ескертпелер) және/немесе құжаттарды, егер осы Ережелердің тиісті тармақтарында өзгеше белгіленбесе, төмендегі жағдайларда Басқарушы компания тиісінші жіберген және пай ұстаушылар тиісінше алған болып саналады:

- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орналастыру баспалы бұқаралық ақпарат құралында жүзеге асырылуға тиіс жағдайларды қоспағанда, Басқарушы компания осындай ақпаратты және/немесе осындай құжаттама мәтінін Басқарушы компанияның корпоративтік интернет-ресурсында (www.udcapital) орналастырған сәттен бастап, немесе
- ✓ осы Ережелердің 74-тармағы бойынша осындай ақпарат газетте те жарияланған күннен бастап, немесе
- ✓ Басқарушы компания көрсетілген ақпаратты және/немесе құжаттарды пай ұстаушыларға пайларды сатып алуға өтінімде немесе пайларды екінші нарықта сатып алған пай ұстаушылар берген деректемелер туралы хабарламаларда пай ұстаушылар көрсеткен үй мекенжайлары немесе орналасқан жерлері бойынша жіберу үшін пошта операторына берген күннен кейінгі 5 (бесінші) жұмыс күні, немесе
- ✓ көрсетілген ақпарат және/немесе құжаттар пай ұстаушыларға пайларды сатып алуға өтінімде немесе пайларды екінші нарықта сатып алған пай ұстаушылар берген деректемелер туралы хабарламаларда пай ұстаушылар көрсеткен факстар нөмірлері бойынша жіберілген күннен бастап, немесе
- ✓ көрсетілген ақпарат және/немесе құжаттар пай ұстаушыларға пайларды сатып алуға өтінімде немесе пайларды екінші нарықта сатып алған пай ұстаушылар берген деректемелер туралы хабарламаларда пай ұстаушылар көрсеткен пай ұстаушылардың электрондық пошта мекенжайлары бойынша жіберген күннен кейінгі 3 (үшінші) жұмыс күні.

98. Басқарушы компанияның пай ұстаушылардан жоғарыда көрсетілген тәсілдермен жіберілген ақпаратты және/немесе құжаттарды алғаны туралы жазбаша немесе ауызша растамаларын алуы талап етілмейді. Бұл ретте Басқарушы компания пай ұстаушыларға ақпаратты және/немесе құжаттаманы жоғарыда көрсетілген тәсілдердің бірімен жіберген соң және сол жерде көрсетілген мерзімдерді сақтаған жағдайда осы Ережелерге сәйкес жасалуы (жалғасуы) пай ұстаушылардың қандай да бір ақпаратты және/немесе құжаттаманы міндетті түрде алуымен байланысты барлық іс-қимылдарды жасауға құқылы.

**«UDC Progress»
аралық инвестициялық пай қорының
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

1. Қордың Басқарушы компаниясы, Кастодианы және аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер

1-кесте. Қордың Басқарушы компаниясы, Кастодианы және аудиторлық ұйымы

Субъект	Толық атауы	Лицензияның деректемелері	Орналасқан жері
Басқарушы компания	«UD Capital» акционерлік қоғамы	2022 жылғы 07 сәуірдегі 3.2.248/20 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензия, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген	Қазақстан Республикасы, А15В6Р8, Алматы қ., Бостандық ауданы, Нұр Алатау шағын ауданы, Темір Қожакеев көш., 36-үй
Кастодиан	Еуразиялық банк акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2020 жылғы 3 ақпандағы №1.2.68/242/40 бағалы қағаздар нарығында банктік және басқа да операциялар мен қызметті жүргізуге лицензия	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев көш., 56
Қордың аудиторлық ұйымы	«ALMIR CONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1999 жылғы 27 қарашадағы № 0000014 аудиторлық қызметпен айналысуға лицензия	Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Өл-Фараби даңғ., 19, 2Б павильон, 403-кеңсе

2. Қор активтерін инвестициялау мақсаттары, міндеттері және стратегиясы

2.1 Қордың басты мақсаты тәуекел деңгейі орынды болған жағдайда тәуекелдің бір бірлігіне шаққанда максималды инвестициялық кірістілік алу болып табылады.

2.2 Басқарушы компанияның Қор активтеріне қатысты инвестициялық саясаты қоржын тәуекелі орынды деңгейде болған жағдайда инвестициялық сипаттамалары әртүрлі қаржы құралдарына инвестиция салудың есебінен Қор активтерін көбейтуге бағытталған.

2.3 Қордың көрсетілген мақсатына жету үшін Басқарушы компания келесі міндеттерді шешеді:

- осы Инвестициялық декларацияда, Қор Ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттармен Қор активтерін инвестициялауды жүзеге асырады;
- Қор активтерін әртараптандырудың есебінен қоржынның өзіндік тәуекел деңгейін орташа деңгейде ұстап тұрады;
- қаржы құралдары мен эмитенттерге қоржындық талдауды, оларды Қордың инвестициялық қоржынының құрамына мұқият іріктеуді және талдауды жүзеге асырады.

3. Инвестициялау нысандарының тізбесі, инвестициялау шарттары және лимиттері

3.1 Қор активтері тек қана Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Инвестициялық декларацияда көрсетілген шектеулерге, лимиттерге сәйкес инвестицияланады.

3.2 Инвестициялау нысандарының тізбесі мен сипаттамасы 3-кестеде белгіленген. Қор активтерін, Қор шығындарын төлеу үшін қажетті ұлттық валютадағы ақша қаражаттарын қоспағанда, басқа құралдарға инвестициялауға жол берілмейді.

2-кесте. Инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі

Инвестициялау нысандарының атауы	Үлесі (қор активтерінің құрамындағы)
Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB» тәуелсіз рейтингісі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгей рейтингісі бар мемлекеттердің шетел валютасындағы ақша қаражаттары	40% дейін
АҚШ долларындағы ақша қаражаттары	100% дейін
Келесі шарттардың біріне сай болған жағдайда Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне салымдар: - банктердің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкалары бойынша «B-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар, немесе Standard&Poor's ұлттық шкаласы бойынша «kzBB-» төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар болып табылады; - банктер бас бейрезидент-банкісінің Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A-» төмен емес және басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұзақ мерзімді кредиттік рейтингке ие еншілес бейрезидент-банктер болып табылады; Екінші деңгейдегі банктерге тек қана пайларды АҚШ долларымен бастапқы орналастыру кезінде ғана салым салуға жол беріледі.	100% дейін
Morningstar (Морнингстар) рейтингтік агенттігінің рейтингтік бағасы «3 жұлдыз» төмен емес	100% дейін

Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фандс), Exchange Traded Commodities (ETC) (Эксчейндж Трэйдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (ETN) (Эксчейндж Трэйдэд Ноутс), пайлары	
Базалық активі эмитенттердің Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша шетел валютасындағы рейтингтік бағасы кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттар	80% дейін
Мемлекеттік мәртебесі бар, Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша тәуелсіз рейтингісі «BBB-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар орталық үкіметтік шет мемлекеттер шығарған бағалы қағаздар	80% дейін
Келесі халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар: Азия даму банкі; Африка даму банкі; Халықаралық есеп айырысулар банкі; Еуразиялық даму банкі; Еуропалық инвестициялық банк; Еуропалық қайта құру және даму банкі; Ислам даму банкі; Америкааралық даму банкі; Халықаралық қайта құру және даму банкі; Халықаралық қаржы корпорациясы.	80% дейін
Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша тәуелсіз рейтингісі «BBB-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында қызмет жасайтын қор биржасы болып танылатын шет мемлекеттің аумағында жұмыс жасайтын қор биржасы тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар	80% дейін
Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша тәуелсіз рейтингісі «BBB-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар шетелдік ұйымдар шығарған акциялар және (немесе) шет мемлекеттің аумағында жұмыс жасайтын, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы болып танылатын қор биржасының тізіміне енгізілген акциялар	80% дейін
Базалық активі ашық және аралық инвестициялық пай қорларының активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары болып табылатын, хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары (фьючерстер, опциондар, своптар, форвардтар), сондай-ақ келесі есептік көрсеткіштер (индекстер):	50% дейін

AIX (Astana International Exchange) CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index) DAX (Deutscher Aktienindex) DJIA (Dow Jones Industrial Average) EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index) FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index) HSI (Hang Seng Index) MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index); MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index) NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index) RTSI (Russian Trade System Index) S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index) TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index) NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index)		
Құрылысы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылысымен бірдей, немесе пайлары бойынша баға белгілеуі негізгі қор индекстеріне байланыстырылған Exchange Traded Funds (ETF) (Эксчейндж Трэйдэд Фандс) пайлары.		100% дейін
Шетел валютасындағы РЕПО операциялары		50%дейін

4. Мәмілелердің түрлері және оларды жасау шарттары

4.1. Осы Инвестициялық декларацияның, Қор Ережелерінің және Қазақстан Республикасы заңнамасының белгілеген шектеулерін ескере отырып, Қор активтерін инвестициялау мақсатымен мәмілелерді жасау бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында да, ұйымдаспаған нарығында да жүзеге асырылуы мүмкін.

4.2 Басқарушы компания келесі мәмілелер түрлерін жасауға құқылы:

- сатып алу, сату, айырбастау, цессия, басқа азаматтық-құқықтық мәмілелер;
- шетел валютасымен ғана жасалған «кері РЕПО» және «тікелей РЕПО» операциялары;
- Қор активтерінің құрамына сатып алуға рұқсат етілген туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау (хеджирлеу мақсаттары үшін рұқсат етіледі).

4.3 Қор активтерімен мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Басқарушы компанияның ішкі құжаттарында анықталған тәртіппен Басқарушы компанияның инвестициялық комитеті қабылдаған шешімнің негізінде ғана жасалады.

4.4 Басқарушы компанияның брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар болғандықтан, Қазақстан Республикасының аумағында Қор активтерін инвестициялау мәмілелерін ол өз бетінше жасасады. Басқарушы компания мәмілелерді Қор активтерін Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздар нарығына басқа кәсіби қатысушылар арқылы инвестициялау мақсатымен жасаса алады. Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде инвестициялақ Қор активтерінің есебінен мәміле жасау аталған мәмілелерді жасауға құқығы бар заңды тұлғалардың қызметтерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

5. Инвестициялық саясат бойынша шектеулер

5.1. Басқарушы компанияның Қорға қатысты мыналарды жүзеге асыруға құқығы жоқ:

- 1) нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, инвестициялық декларацияда немесе Қор Ережелерінде белгіленген талаптар бұзылатын мәмілелерді жасауға;
- 2) Қор активтерін өтеусіз иеліктен шығару бойынша инвестициялық шешімдерді қабылдауға;
- 3) өз міндеттемелерін немесе үшінші тұлғалардың Қор активтерін басқару бойынша қызметпен байланысты емес міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін Қор активтерін пайдалануға;

- 4) қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, өзіне тиесілі активтерді Қор активтерінің құрамына сатуға (беруге);
- 5) орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып ашық сауда-саттық әдісімен қор бирдасының сауда жүйесінде жасалған қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді қоспағанда, активтерді несиеге сатуға;
- 6) Заңның 41-бабы 2-тармағында анықталған шарттарды сақтай отырып, ақша нысанындағы қор активтері жеткіліксіз болған жағдайда Қор пайларын төлеп алу үшін қарыз қаражаттары қолданылатын жағдайларды қоспағанда, қарыз шартының негізінде ақша немесе Қор активтерінің есебінен қайтаруға жататын мүлік алуға;
- 7) сенімгерлік басқару шартына, инвестициялық декларацияға немесе Қор Ережелеріне сәйкес шығындарды өтеу және сыйақы алу, сондай-ақ Заңның 41-бабы 2-тармағында анықталған шарттарды сақтай отырып ашық немесе аралық инвестициялық пай қорының пайларын төлеп алу үшін Басқарушы компания пайдаланған ақша сомаларын өтеу жағдайларын қоспағанда, Қор басқаратын оның активтерін сатып алуға;
- 8) Қор активтерінің құрамына ол басқаратын басқа инвестициялық қордың активтерін сатып алуға;
- 9) қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, инвестициялық қор активтерінің есебінен Басқарушы компанияның үлестес тұлғаларынан инвестициялау нысандарын сатып алуға немесе оларға осы компанияның басқаруындағы инвестициялық қордың активтерін сатуға;
- 10) Қор пайларын шығарған қаржы құралдары және (немесе) басқа активтері осы Қордың активтерінің құрамына кіретін заңды тұлғаларға Қор пайларын өткізуге;
- 11) жарнамада және бұқаралық ақпарат құралдарында бір жылдан кем емес жылдың ішіндегі Қордың инвестициялық қызметінің кірістілігі туралы ақпаратты көрсетуге.

5.2. Басқарушы компанияның оның маркет-мейкер функциясын орындауы шеңберінде өзі басқаратын Қорының пайларын ұстаушысына айналатын жағдайларын қоспағанда, Басқарушы компания Қор пайларын ұстаушы бола алмайды (басқарушы компания инвестициялық қоржынды басқару қызметін брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен бірге атқарған жағдайда). Бұл ретте Басқарушы компанияның қолындағы пайлар саны өзі басқаратын Қордың барлық орналастырылған пайлары (төлеп алынған пайларды қоспағанда) санының кемінде он процентін құрауға тиіс.

5.3. Басқарушы компания Қор активтерімен мәмілелерді немесе операцияларды жасаған кезде сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өзге тыйымдар мен шектеулерді сақтауға міндеттенеді.

6. Қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары

6.1. Инвестициялық тәуекелдерді азайту мақсатында 3-4 кестелерге сәйкес әртараптандырудың лимиттері белгіленеді.

3-кесте. Әртараптандыру лимиттері

№	Көрсеткіш	Лимит
1	Бір заңды тұлғаның бір түрдегі (шығарылымдағы) қаржы құралдарына инвестициялар (мемлекеттік бағалы қағаздар мен Қазақстан Республикасының қаржы агенттіктерінің агенттік облигацияларын қоспағанда)	осы түрдегі (шығарылымдағы) қаржы құралдарының жалпы санының 15% аспауға тиіс

2	Бір тұлға және оның үлестес тұлғалары шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестициялар (ақшаны есептемегенде)	Қордың таза активтері құнының 20% аспауға тиіс
3	Дауыс беретін акцияларының елу процентінен астам бөлігі мемлекетке немесе ұлттық Басқарушы холдингке, немесе ұлттық холдингке және оның ұлттық экономиканың бір саласында қызмет жасайтын үлестес тұлғаларына тиесілі бір тұлға шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестициялар	Қордың таза активтері құнының 30% аспауға тиіс

4-кесте. Белгілі бір мемлекеттік резиденттері болып табылатын эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялау лимиттері («бір елге шаққандағы лимит»)

Мемлекет	Лимиттер (басқарудағы активтерден %-і)
Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша тәуелсіз рейтингісі «А-» төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар мемлекеттер	100% дейін
Standard&Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша тәуелсіз рейтингісі «BBB-» жоғары (қоса алғанда) немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингісі бар мемлекеттер	80%

6.2. Инвестициялық тәуекелдерді азайту мақсатында Басқарушы компания инвестициялық қоржынның активтерін хеджирлеуді жүзеге асыруға құқылы. Активтерді хеджирлеу базалық активі Қор активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары және шетел валюталары болып табылатын туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасасу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Активтерді хеджирлеу мақсатында фьючерстер, опциондар, своптар және форвардтар қолданылуы мүмкін.

7. Қор активтерінің есебінен төленуге тиіс, Басқарушы компанияға, Кастодианға және өзге тұлғаларға төленетін шығындар мен сыйақылардың түрлері, анықтау тәртібі және максималды мөлшерлері

7.1. Қор активтерінің есебінен Басқарушы компанияға сыйақы төленеді:

Тиянақталған сыйақы	Қордың таза активтерінің құнынан жылдық 0,5% (нөл бүтін оннан бес проценті)	Тиянақталған сыйақы күн сайын қосылады, алдыңғы күндегі таза активтер құнына негізделіп есептеледі, Қор активтерінен айына бір рет ұсталады (төленеді)
Жетістік үшін сыйақы	Кірістілік нормасынан асатын инвестициялық кірістің бір бөлігінің 20% (жиырма проценті)	Жетістік үшін сыйақы алдыңғы күнгі уақытқа күн сайын қоса есептеледі. Жетістік үшін сыйақы 200 базистік тармақты қосқанда, АҚШ екі жылдық қазынашылық облигациялардың мәндері деңгейінде кірістілік нормасынан асқан жағдайда Қор активтерінің айына бір рет

		(күнтізбелік айдың қорытындылары бойынша) ұсталады (төленеді). Екі жылдық қазынашылық облигациялар мәні ретінде GT2-GOV деп аталатын Bloomberg ақпараттық жүйесінің екі жылдық қазынашылық облигацияларының мәні алынады.
--	--	--

7.2. Қор активтерінің есебінен сондай-ақ Кастодианға, депозитарийге, Орталық депозитарийге, брокерлік компанияларға, номиналды ұстау, Қор активтерімен жасалатын мәмілелерге қызмет көрсету және қаржы құралдары есептелетін шоттарды жүргізу бойынша функцияларын жүзеге асыратын халықаралық ұйымдарға, аудиторға және Қордың қызметін қамтамасыз ететін басқа тұлғаларға олармен жасалған шарттарда анықталған мерзімде, мөлшерде және тәртіппен сыйақы төленеді.

7.3. Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңінің ішінде Басқарушы компанияға сыйақы есептеледі, бірақ төленбейді. Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңінің ішінде есептелген Басқарушы компанияға сыйақы оның пайларын бастапқы орналастыру аяқталған соң Қор активтерінің есебінен төленуге тиіс.

7.4. Қордың қызмет жасауымен байланысты Қор пайларын бастапқы орналастыру кезеңіндегі сыйақылар мен шығындарды төлеу Басқарушы компанияның меншікті қаражаттарының есебінен, оның шығындарын Қор активтерінің есебінен өтей отырып жүзеге асырылады.

7.5. Қор Ережелерінде көзделген сыйақылар мен шығындар осындай сомаларды (сыйақылар мен шығындарды) Қор активтерінен ұстап қалу арқылы Қор активтерінің есебінен төленуге тиіс.

7.6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Қор активтерінің есебінен толық көлемде Қорды басқарумен байланысты шығындар өтеледі, соның ішінде:

- 1) Қордың құрамындағы активтермен мәмілелерді жасасумен;
- 2) Қордың құрамындағы активтерді баптап-ұстаумен;
- 3) заңгер қызметтерін, сондай-ақ Қордың атынан сотта істі қараумен байланысты туындаған шығындарды төлеумен;
- 4) Қор активтеріне салынуы мүмкін немесе Қорды құрайтын активтердің есебінен төленуі мүмкін салықтар, немесе қолданыстағы салық заңнамасы өзгерген жағдайда болашақта пайда болуы мүмкін басқа кез келген салықтар;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қор Ережелеріне сәйкес ақпаратты ашумен байланысты шығындар (Басқарушы компанияның меншігіндегі интернет-ресурсын баптап ұстау бойынша шығындарды қоспағанда);
- 6) Қордың қызметін қамтамасыз ететін тұлғаларға сыйақы төлеумен байланысты шығындар;
- 7) Қор пайларын «Қазақстан Қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізумен және сол тізімде болуымен байланысты шығындар (соның ішінде бір реттік және жыл сайынғы листингтік алымдар);
- 8) Басқарушы компанияның пайларды орналастыру жөніндегі өкілдерінің (бар болған жағдайда) қызметін төлеумен байланысты шығындар;
- 9) Қордың қызметімен байланысты басқа шығындар мен салықтар.

7.7 Басқарушы компанияға Қор активтерінің есебінен төленетін сыйақының минималды мөлшері осы Инвестициялық декларацияның 7.9-тармағында көрсетілген.

7.8. Қордың атынан сотта істі қараумен байланысты келтірілген шығындарды және заңгер қызметтерін төлеумен байланысты, Қор активтерінің есебінен өтелетін барлық шығындардың минималды мөлшері Қор активтерінің орташа жылдық құнының 1% (бір процентін) құрайды.

7.9. Қор активтерінің есебінен өтелетін басқа барлық шығындар мен сыйақылардың (осы Инвестициялық декларацияның 7.7 және 7.8 тармақтарында көрсетілгендерді қоспағанда) максималды мөлшері, Қор активтеріне салынуы мүмкін және Қор активтерінің есебінен төленуі мүмкін салықтардың, толық көлемінде өтелетін басқа міндетті төлемдердің/алымдардың, немесе басқа қолданылатын салықтардың, қолданыстағы салық заңнамасы өзгерген жағдайда пайда болуы мүмкін өзге міндетті төлемдердің/алымдардың мөлшерін қоспағанда, Қор активтерінің орташа жылдық құнының 5% (бес процентін) құрайды.

7.10. Қордың қызметін тоқтатумен байланысты шығындар, оған қоса Басқарушы компания мен Кастодианға төленетін сыйақы Қор активтерінің есебінен, Қордың барлық активтерін өткізудің нәтижесінде алынған ақша сомасының 5% (бес процентінен) аспайтын мөлшерде өтеледі.

8. Қор активтерінің құнын және пайлардың есептік құнын есепке алу және анықтау тәртібі

8.1. Қор активтерінің есебін жүргізу және сақтау мақсатында, сондай-ақ Қор активтерін басқарумен байланысты операциялар бойынша есеп айырысуларды жүргізу үшін Басқарушы компания Кастодианда Қордың қажетті шоттарын ашады.

8.2. Басқарушы компания және Қор Кастодианы Қор активтері мен меншікті активтерінің есебін бөлек жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Ережелерге сәйкес олар бойынша есептілікті бөлек ұсынады. Басқарушы компания және Кастодиан Қордың таза активтерінің құнын, Қор пайының есептік құнын және Қордың қоржынындағы қаржы құралдары бойынша есептелген инвестициялық кірісті олардың арасында жасалған шарттың талаптарына және Басқарушы компания мен Кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес салыстырып тексереді.

8.3. Қордың таза активтерінің құнының, Қор пайының есептік құнының есебін жүргізу және олардың анықтау қазақстандық теңгемен жүзеге асырылады. Қор активтерінің құнының, Қор пайының есептік құнының, инвестициялық Қордың таза активтерінің есебін жүргізу және олардың анықтау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шарттармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

8.4. Қор активтері мен міндеттемелерінің құны пайларды орналастыру және айналысқа салу кезеңінің соңына дейін (бастапқы орналастыру кезеңін қоспағанда) және/немесе пайлар орналастырылған және/немесе төлеп алынған күннің алдындағы жұмыс күнінің соңындағы пайларды төлеп алудың бүкіл кезеңінің ішінде, сондай-ақ:

- 1) Қор пайларын бастапқы орналастыру аяқталған күні;
- 2) әр айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша;
- 3) пайларды орналастыру және/немесе төлеп алу уақытша тоқтатылған жағдайда – оларды орналастыруды және/немесе төлеп алуды қайта бастау туралы шешім қабылданған күні;
- 4) Қор қызметі тоқтатылған жағдайда – оның қызметін тоқтату үшін негіз пайда болған күнгі жағдай бойынша;
- 5) Басқарушы компания қажет деп санаған басқа жағдайларда анықталады.

8.5. Қордың Басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Қор активтерінің есебін жүргізеді, сондай-ақ Қор активтерінің есебі шоттары бойынша аналитикалық есебін жүргізеді. Қаржы құралын Қор активтерінің құрамында тану, сондай-ақ қаржы құралын шығынға жазу Кастодианның немесе Орталық депозитарийдің есеп жүйесінде

мәміле тіркелген күні жүзеге асырылады. Қор активтерін құрайтын қаржы құралдары Уәкілетті орган бекіткен және Басқарушы органның ішкі құжаттарында белгіленген әдістемеге сәйкес бағаланады.

8.6. Қордың таза активтерінің құны оның активтерінің және Қор активтерінің есебінен орындалуға жататын міндеттемелерінің құнының арасындағы айырма ретінде анықталады. Қор пайының есептік құны Қордың таза активтерінің құнын анықтайтын күнгі жағдай бойынша, осы құнды пай ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізетін орталық депозитарийдің деректері бойынша дәл сол күнгі айналыста жүрген пайлардың санына бөлу арқылы анықталады.

9. Дивидендтік саясат

9.1. Пайлар бойынша дивидендтерді төлеу Басқарушы компания Басқармасының шешімі бойынша жылына бір рет, 31 желтоқсанда аяқталған кезең ішінде, дивидендтер төленетін кезең аяқталғаннан кейінгі 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асырылады.

9.2. Дивиденд алуға дивидендтерді алуға құқығы бар қор пайларын ұстаушылардың тізілімін белгілеп алған күннің сағат 23:59:00 (Астана уақыты бойынша) жағдай бойынша қор пайларын иеленген қор пайларын ұстаушылар құқылы.

9.3. Пайлар бойынша дивидендтер қосылатын пайшылар тізімі орталық депозитарийдің ішкі құжаттары бойынша құрылады және пайшылардың банктік деректемелері туралы мәліметтер мен ҚР Салық кодексіне сәйкес, бұл мәліметтер орталық депозитарийде бар болған жағдайда, пайшыға ұсынылған салық салу бойынша жеңілдіктердің бары туралы мәліметтерді қамтиды.

9.4. Пайларды ұстаушылар тізілімін белгілеп алу күнін дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда Басқарушы компанияның Басқармасы анықтайды.

9.5. Дивидендтер пайлар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей төлену керек.

9.6. Дивидендтер пайдың номинал құны көрсетілген валютамен төленеді.

9.7. Дивидендтер пайларды бастапқы орналастыру уақытының ішінде, қордың таза активтерінің құны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген минималды мөлшерден төмендеп кеткен кезеңнің ішінде, сондай-ақ Басқарушы компанияның Басқармасы қандай да бір кезеңнің қорытындылары бойынша қор пайларын ұстаушыларға дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдаған жағдайда есептелмейді және төленбейді.

9.8. Дивидендтер қордың қызметін тоқтатуға негіздер туындаған сәттен бастап есептелмейді және төленбейді.

9.9. Дивидендтерді төлеуге жіберілетін ақшаның минималды мөлшері таза инвестициялық кірістің кемінде 20 (жиырма) процентін құрау керек.

10. Инвестициялық декларацияда анықталған нысандарға инвестиция салумен байланысты тәуекелдерді сипаттау, сондай-ақ оларды азайтуға бағытталған іс-шаралар

Инвестициялық декларацияда анықталған қаржы құралдарына инвестициялармен байланысты негізгі тәуекелдерге, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, мына тәуекелдер түрлері жатады:

Нарықтық тәуекел – қаржы құралдары құнының, проценттік мөлшерлемелердің, валюталар бағамдарының және т.б. өзгеруінің салдарынан нарықтық параметрлердің жағымсыз өзгеруінің нәтижесінде қаржылық шығындардың (залалдың) пайда болу тәуекелі. Нарықтық тәуекел қаржы құралдарының нарықтық құнына әсер ететін факторларды талдау және болжау арқылы бақыланады.

Несие тәуекелі – эмитенттің негізгі борышты және инвесторға тиесілі сыйақыны бағалы қағазды шығару шарттарында белгіленген мерзімнің ішінде төлемеуінің немесе уақтылы

төлемеуінің салдарынан шығындардың (залалдың) пайда болу тәуекелі, оған қоса серіктестік своптар, опциондар, форвардтар және несие тәуекеліне шалдыққыш басқа да қаржылық құралдар бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты, және аталған бағалы қағаздар мен қаржы құралдары бойынша есеп айырысуларды реттеу кезеңінің ішінде, немесе контрсеріктестің шартта көзделген немесе мәмілені жасасу барысында туындаған өз міндеттемелерін орындамауының немесе уақтылы орындамауының салдарынан пайда болатын шығындар тәуекелдері. Бұл тәуекел бағалы қағаздарды сатып алғанға/берешектің пайда болуына дейін және одан кейін эмитентті/қарыз алушыны/контрсеріктесті егжей-тегжейлі тексеру арқылы бақыланады.

Өтімділік (азаю) тәуекелі – активтерді қысқа мерзімнің ішінде өткізумен қиындықтардың пайда болу ықтималдығымен байланысты тәуекел. Бұл тәуекел Қор активтерінің басым бөлігін өтімді қаржы құралдарына инвестициялау арқылы басқарылады.

Проценттік тәуекел – сыйақы мөлшерлемелерінің жағымсыз өзгеруінің салдарынан шығындардың (залалдың) пайда болу тәуекелі. Бұл тәуекел сыйақының нарықтық мөлшерлемелеріне әсер ететін факторларды талдау және болжау арқылы басқарылады.

Шоғырлану тәуекелі – инвестициялық қоржынның аз әртараптандырылуымен байланысты тәуекел. Бұл тәуекел әртараптандыру лимиттерін белгілеу және қоржынның әртараптану деңгейін үздіксіз мониторингтеу арқылы басқарылады.

Валюталық тәуекел – шетел валюталары бағамдарының жағымсыз өзгеруінің нәтижесінде шығындардың пайда болу тәуекелі. Шығындардың (залалдың) болу қауіптілігі күн мәніндегі валюталар бойынша позицияларды қайта бағалаудан пайда болады. Бұл тәуекел шетел валютасы бағамдарының өзгеруіне әсер ететін факторларды талдау және болжау арқылы басқарылады.

«UDC Progress» АИПҚ

Жеке/заңды тұлғалар үшін № _____ пайларды сатып алуға өтінім

Қордың толық атауы		«UDC Progress» АИПҚ аралық инвестициялық пай қоры
БҚ толық атауы		«UD Capital» АҚ
Өтінімді қабылдау күні		
Қор пайлары. Ұстаушылардың тізіліміндегі немесе номиналды ұстаушы есебіндегі Өтінім берушінің дербес шотының нөмірі		
Номиналды ұстаушының атауы		
Өтінім беруші	Тегі	
	Аты	
	Әкесінің аты	
ЖСН		
Жеке басын куәландыратын құжат	Атауы	
	Сериясы, нөмірі	
	Берілген күні	
	Кім берген	
Уәкілетті Өкіл Жеке тұлға	Тегі	
	Аты	
	Әкесінің аты	
Өкілдің жеке басын куәландыратын құжат	Атауы	
	Сериясы, нөмірі	
	Берілген күні	
	Кім берген	
Өкілеттіктерді растайтын құжат		
Уәкілетті өкіл Заңды тұлға		
Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	Нөмірі	
	Берілген күні	
	Кім берген	
Кімнің атынан	Тегі	
	Аты	
	Әкесінің аты	
Жеке басын куәландыратын құжат	Атауы	
	Сериясы, нөмірі	
	Берілген күні	
	Кім берген	
Өкілеттіктерді растайтын құжат		
_____ (_____) доллары сомасына Қор пайларын сатуыңызды сұраймын Ақша аударуға арналған банктік деректемелер: Бенефициар: « _____ » АҚ Бенефициардың БСН:		

Бенефициардың Банкі: БСК: КНП: 690; КБе:15 Төлемнің мақсаты: «_____» АИПҚ ЖСК:		
Хабарлама алу тәсілі	Мекенжайы	
	Факс	
	E-mail	
«UDC Progress» АИПҚ Ережелерімен, сондай-ақ Ережелерге қосымшалармен таныстым. Одан басқа, Қазақстан Республикасының дербес деректер және олардың қорғау туралы заңнамасына сәйкес «UD Capital» АҚ-на болашақта шарттық міндеттемелердің әрекет мерзімінің ішінде келіп түсетін және оның иелігіндегі мен туралы кез келген дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімімді беремін.		<input checked="" type="checkbox"/>

Өтінім берушінің / Уәкілетті өкілдің қолы

Өтінімді қабылдаған тұлғаның аты-жөні, қолы

«UDC Progress» АИПҚ

Жеке/заңды тұлғалар үшін № _____ пайларды сатып алуға өтінім

Қордың толық атауы		«UDC Progress» АИПҚ аралық инвестициялық пай қоры
БҚ толық атауы		«UD Capital» АҚ
Өтінімді қабылдау күні		
Қор пайлары. Ұстаушылардың тізіліміндегі немесе номиналды ұстаушы есебіндегі Өтінім берушінің дербес шотының нөмірі		
Номиналды ұстаушының атауы		
Өтінім беруші	Тегі	
	Аты	
	Әкесінің аты	
ЖСН		
Жеке басын куәландыратын құжат	Атауы	
	Сериясы, нөмірі	
	Берілген күні	
	Кім берген	
Уәкілетті Өкіл Жеке тұлға	Тегі	
	Аты	
	Әкесінің аты	
Өкілдің жеке басын куәландыратын құжат	Атауы	
	Сериясы, нөмірі	
	Берілген күні	
	Кім берген	
Өкілеттіктерді растайтын құжат		
Уәкілетті өкіл Заңды тұлға		
Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	Нөмірі	
	Берілген күні	
	Кім берген	
Кімнің атынан	Тегі	
	Аты	
	Әкесінің аты	
Жеке басын куәландыратын құжат	Атауы	
	Сериясы, нөмірі	
	Берілген күні	
	Кім берген	
Өкілеттіктерді растайтын құжат		
<p>_____ (_____ бүтін) жүз мыңдық дана көлеміндегі Қор пайларын Өтінім берушінің ақша аударуға арналған банктік деректемелері: Қала: БСК: ЖСК:</p>		

Мақсаты:

ТАӘ:

ЖСН:

« » АИПҚ сатудан түскен

дербес шотына **өтеуді сұраймын**

Өтінім берушінің / Уәкілетті өкілдің қолы

Өтінімді қабылдаған тұлғаның аты-жөні, қолы
